

**Темір ауданындық мәслихатының 2024 жылғы 11 наурыздағы № 163 "Темір ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2025 жылғы 12 қарашадағы № 383 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 13 қарашада № 37401 болып тіркелді

Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Темір ауданындық мәслихатының 2024 жылғы 11 наурыздағы № 163 "Темір ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8525-04 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің атауы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Темір ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген шешімнің 1-тармағы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Темір ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген шешіммен айқындалған, Темір ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде:

атауы келесі мазмұндағы редакцияда жазылсын:

"Темір ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидалары";

көрсетілген шешімінің 1 қосымшасында:

2–тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жеткізушілер ұсынған ай сайынғы жарналар туралы шоттарға және шығыстар сметасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі

Тұрғын үй көмегінің мөлшері көрсетілетін қызметті берушімен Қағидалардың 4-1-тармағына сәйкес есептеледі.";

9–тармақ келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнін құрайды.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Темір аудандық  
мәслихатының төрағасы*

*Б. Шаимов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК